

Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға рұқсат берудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 04.05.1995 ж. N 3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 маусымда тіркелді. Тіркеу N 84. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 02.02.1996 ж. N 15

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" заң күші бар Жарлығына, Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы Ережеге, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау туралы Ережеге сәйкес жасалды.

2. Бағалы қағаздар жөніндегі мамандарды оқытуға рұқсат (бұдан әрі рұқсат) Ұлттық комиссияның қаулысы негізінде беріледі.

3. Рұқсат - бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы Ұлттық комиссия бекітетін Ережеге сәйкес заңды тұлғаның бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін білікті мамандар даярлауды жүзеге асырудағы потенциалды мүмкіндіктерін танытатын құжат.

4. Рұқсат бәсекелестік негізде бір жылға беріледі, одан әрі оның ұзартылуы мүмкін.

5. Бағалы қағаздар жөніндегі мамандарды оқытуға рұқсат алу үшін заңды тұлға Ұлттық комиссияға мынадай құжаттарды тапсыруы керек:

- рұқсат алуға өтініш (еркін түрде жазылып, басшысының қолы қойылады);
- құрылтайлық құжаттардың (жарғының және құрылтай шартының) көшірмесі немесе оқу орны туралы ереже;
- басшылар жөніндегі мәліметтер (туған жылы, білімі, ғылыми атағы, педагогтық қызмет стажы);
- бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі сабақтардың оқу-әдістемелік жоспарлары;
- оқу процесін жүргізуге тартылатын оқытушы-профессорлардың тізімі;
- курс тыңдаушыларына көмекші құрал ретінде берілетін нормативтік актілер мен оқу-әдістемелік әдебиет тізімі;
- сабақ өткізу жағдайларының, оқу мерзімінің және оқу процесін қамтамасыз

етудің басқа да жағдайларының сипаттамасы;
- өтініш берушінің мекен-жайы мен банк реквизиттері.

6. Рұқсат тапсырылған құжаттар Ұлттық комиссияның талаптарына сай болған жағдайда беріледі.

Құжаттар Ұлттық комиссия оларды алған күннен бастап 30 күннен асырмай қаралады.

Құжаттар Ұлттық комиссияға қойған талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, рұқсат етілмеудің дәлелді себептері айтылып, өтініш берушіге жазбаша түрде хабарланады.

7. Рұқсат I-қосымшада көрсетілген түрде ресімделеді.

8. Ұлттық комиссияның рұқсатын алған заңды тұлғалар оқудың толық курсынан өткен тыңдаушыларды емтиханға жіберу туралы Аттестациялық комиссияға өтініш береді, оған аттестациядан өтушілердің тізімі, қажетті барлық құжаттар қоса тіркеледі, ал бұл құжаттардың тізбесі бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы Ережеде келтірілген.

9. Рұқсаттың пайдаланылуын бақылауды Ұлттық комиссияның атқарушы аппараты жүзеге асырылады. Бақылау барысында Ұлттық комиссия заңды тұлғаның мамандар даярлау жөніндегі қызметіне байланысты, құпия болып есептелмейтін, кез-келген мәліметті талап етуге, сондай-ақ жергілікті жерлердегі оқу процесінің жай-күйін тексеруге құқықты.

10. Бағалы қағаздар жөніндегі мамандарды оқытуға берілген рұқсат

мынадай жағдайларда тоқтатылуы немесе қайтарып алынуы мүмкін;

- заңды тұлға Ұлттық комиссия талап еткен тиісті құжаттарды бермесе;
- Ұлттық комиссияның атқарушы аппараты тапқан кемшіліктерді жою жөніндегі талаптар орындалмаса;
- Аттестациялық комиссия емтихан (әңгімелесу) нәтижелері бойынша курс тыңдаушыларының білімін қанағаттанғысыз деп тапса;
- сабақтардың алдын ала берілген оқу-әдістемелік жоспарлары орындалмаса.

11. Рұқсатты кері қайтарып алуды немесе оның қолданылуын тоқтатуды Ұлттық комиссия жазбаша түрде жүргізеді және тиісті заңды тұлғаның басшысына хабарлайды.

12. Заңды тұлға Ұлттық комиссияның шешімін даулап, сотқа шағымдануға құқықты.

РҰҚСАТ

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы _____

(заңды тұлғаның толық аты)

бекітілген оқу жоспарына сәйкес бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыруға рұқсат етеді.

Мекен-жайы _____

_____ банктегі есепшоты

ХҚҰ _____

Ұлттық комиссияның төрағасы